

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Оның негізгі мақсаты бар болу мен бірлікті сезіне отырып әлеммен дене және космология деңгейінде байланыс ортану әрекеті болды.

Бұл жобада the2vvo дауыстың дыбыс ретіндегі эфемерлік табиғатын зерттейді. Мәдениеттен тыс дыбыс олардың қабылдауында ерекше орынға ие. Бұл бар болу мен байланысты меңзейді. Әдетте денесіз дауыс денемен байланысты болғанына қарамастан, ол мағынасын жоғалтпайды, керісінше, басқа аураға ие болып, одан да терең мағынаны иемденеді. Мұны кинотеоретик және композитор Мишель Чион байқап, фильмдегі баяндаушының физикалық денемен байланыс орнату мүмкіндігінен айрылып, бар-жоғы елес іспетті дыбыс арқылы ғана бар болуын білдіретін «acoïsmetre» терминін енгізді. Бұл жобада олар жүзеге асыруды мақсат еткен acoïsmetre типі бар болуды тоқтату процесінде бір қадам тереңге сүңгіп, ресинтезбен аяқталады. Дыбыс тек денеден шығып қана қоймайды, жаңа сандық құрылғыға орнатылады. Көмеймен айтылған әндердің жазбалары талданып, осциллятор және сүзгі банкілеріне қайта бағытталады. Ғимарат ішінде дыбыстар сабвуфер және жоғары диапазонды динамиктердің жиынтығы арқылы естіліп, өз кезегінде орналасқан жеріне қарамастан, келушілер үшін бар болудың жеке бір әсерін тудырады. Көптеген сабвуферді пайдалану жоба үшін ерекше маңызға ие, өйткені біздің мақсатымыз міндетті түрде көмеймен ән айтудың «елес үнін» есту емес, оны физикалық түрде сезіну. Белмедегі жарық мүмкіндігінше күңгірт болуы керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Tony Bennett, *The Birth of the Museum: History, Theory, Politics* (London: Routledge, 1995), especially chapter 6, and his important chapter «The Exhibitionary Complex», in Reesa Greenberg, Bruce W. Ferguson, and Sandy Nairne, eds., *Thinking About Exhibitions*. – London: Routledge, 1996.
2. Terry Smith, *Thinking Contemporary Curating*, chapter 2 «Shifting the Exhibitionary Complex». – New York: Independent Curators International, 2012.
3. Peter Schjeldahl, «The Art World: Festivalism». – *The New Yorker*, July 5, 1999. – 85 p.

МРНТИ 02.15.61

КРОСС-МӘДЕНИ КОММУНИКАЦИЯЛАР: ҰЛТТЫҚ КОД АКСИОЛОГИЯСЫ

Задабек Айна

ainazadabek@gmail.com

«Философия және этика» ББ 1 курс PhD магистранты,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Мустафина Т.В.

Кіріспе. 21 ғасыр - ақпараттық технологиялар заманында адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас орнату мүмкіндіктері өсті. Адам бір орнында тұрып-ақ әлемнің кез-келген нүктесімен байланысқа шыға алады. Онымен қоса, экономикалық жаһандану үрдісі мемлекеттердің экономикасына ықпал етіп, халықаралық көші-қон процесі қарқын алды.

Қазіргі уақыт талап ететін адамның басты дағдыларының бірі – ол коммуникабельді, яғни тез тіл табысып кететін, кез-келген адаммен еркін байланысқа шыға алатындай қасиеттерінің болуы. Әлемдік іскер және мәдени қарым-қатынастарды қалыптастыруда байланыс қатысушыларына өзгенің мәдени өзгешелігін біліп қана қоймай, өзіндік мәдени болмысын жетік түсініп, сол болмысын сақтай алуында және оны жария етуінде. Кросс-мәдени коммуникациялар тақырыбын талқылағанда, әлбетте тілдері, мәдениеті, құндылықтары әртүрлі болып келетін адамдар я орталар арасындағы байланыс орнату және ақпаратпен алмасу

мәселелері қозғалатыны сөзсіз. Алайда, бұл мақалада коммуникация түсінігі философиялық тұрғыдан қалай қарастырылады, кросс-мәдени және мәдени аралық коммуникация айырмашылығы қандай және «Мен және Басқа», «Өзіміз және Басқалар» дискурсы арқылы Қазақстандағы ұлттық кодтың даму барысы талқыланған.

Негізгі бөлім. Коммуникация түсінігінің философиялық интерпретациясы индивидтер арасындағы ақпарат алмасу немесе сөйлесу процессімен шектелген емес. Философия коммуникацияны материяның анықтаушысы және процесстер мен құбылыстардың арасындағы байланысты сипаттайтын терең мағынаға ие түсінік деп қабылдайды [2].

Антикалық философияда коммуникация ролі адам мен адам арасындағы диалог деп танылды. Натурфилософия кезеңінде адамның қарым-қатынас орнату мәселесі жеке-дара қарастырылмады. Өйткені ол кезде адам табиғатпен тығыз байланысты деген теория басым болды. Бұл философиялық көзқарас б.з.д. V ғасырда өзгере бастайды. Сократ: «коммуникация бұл жеке тұлға, яғни индивидтің өзін-өзі тану құралы» - деп, тұжырымдап, - адам бірінші кезекте моральды жанды зат және оның бойындағы моральді қасиеттері оның қоғамда өмір сүре алуына мүмкіндіктер береді», - деп, ол ақиқатқа жету үшін алдымен сұрақ-жауап арқылы диалог құрып, сұқбаттасушының көзқарасын анықтау қажет дейді [6].

«Байланыс» (*homilia*) терминін кіргізу арқылы Аристотель коммуникация түсінігін кеңейте түсті. Ол коммуникация процессін 3 құрамдасқа бөлді: «Шешен (Оратор) – Сөз (Речь) – Аудитория» [1].

Орта ғасырларда коммуникация аспектісі Құдайды түсіну мен Құдай сөзін жеткізу мақсатында пайдаланылады. Сөздері догматизм мен схоластикаға негізделген уағыз айтушылар үшін коммуникациялық технологияларды жетік меңгеру маңызды болды.

Ренессанс дәуірінде коммуникацияның жаңа формалары дами бастады. Ал Қайта өрлеу дәуірінде коммуникацияда «дискурс» термині, яғни «discurtere» латын сөзінен аударғанда «талқылау», «келіссөз», қолданысқа енді.

Жаңа заман дәуірінде Батыс Еуропада XVII-XVIII ғасырда, яғни ғылыми революция дәуірі кезінде капитализм қалыптасып, ғылым мен техника қарқынды дами бастайды. Үшінші ақпараттық революция коммуникация түрлерін түбегейлі өзгертті. Осы кезеңде журналистика институты пайда болады [2-4 б].

XVIII-XIX ғасырда неміс философтарының назары «Мен - субъект» және «Ол -субъект», Субъект пен Объект айырмашылығы мен байланысы тақырыбына аударылады. Ф.Шлейермахер (1768–1834 гг.) адамдар арасындағы қарым-қатынас ол тең дәрежелі екі субъект арасындағы байланыс деп қарастырады. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті ерекшелігін зерттей келе, Ф.Шлейермахер әрекеттерді сөзбен жеткізу аспектілерін ашады [7-242 б]. Осылайша, герменевтика арқылы байланыс орнату мәселесіндегі жан-жақтылық пен тұтастықтың маңыздылығы дәлелденеді.

XX ғасыр коммуникация тақырыбы өзінің шарықтау шегіне жетті десе де болады. Маклюэн Маршалл 1962 жылы жарық көрген «Галактика Гутенберга. Становление человека печатающего» атты танымал еңбегінде БАҚ адам санасына қалай әсер еткендігі мен бұқаралық коммуникация қалайша әлемді «жаһанды ауылға» (ағылш.*Global village*) айналдырып жатқандығы туралы сұрақтарға жауап іздейді. Оның пікірінше, бұқаралық коммуникация заманауи қоғамның бөлінбес құрылымына айналды, бірақ оның кері әсері - қоғамды басқару қауқарына ие болды [5].

Неміс философы Юрген Хабермастың 1981 жылы «Коммуникативті әрекет теориясы» (Теория коммуникативного действия) атты екі томдық кітабы жарық көреді. Онда автор элеуметтік шынайылықтың интегративті түсінігін ашып, коммуникативті теорияны рационалдық тұрғыдан зерттейді. Әлбетте, Хабермас үшін коммуникацияның басты құралы және зерттеу объектісі ол Тіл.

Тіл субъект арасындағы түсіністікті қалыптастыратын, ақиқатты ашатын құрал. Алайда, адамдар арасындағы қарым-қатынастың орнатылуында тілдің ғана ортақ болуы жеткіліксіз. Бұл ретте тілді егер бір ұлтқа тән қарым-қатынас құралы деп қарастырғанда осы ретте ұлттық ерекшеліктер, яғни мәдениет, болмыс, тұрмыс сияқты аспектілерді бірге қоса қарастыру қажет болады. Осылайша, бұл платформаны кросс-мәдени коммуникациялар тақырыбы қамтиды.

Кросс-мәдени коммуникация пәні Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін АҚШ-та амеркандық саяси, экономикалық, мәдени ықпалдарын кеңінен тарату мақсатында пайда болады. Дипломаттар мен бизнесмендердің өзге мемлекеттерде қысқа уақыт аралығында сол елдің жұртшылығымен етене кірігуі үшін АҚШ Мемлекеттік департаментінің тапсырысымен антрополог, топтық бірлесу концепциясының авторы Эдвард Твитчелл Холл зерттейді. 1954 жылы Э.Холл мен Д.Трагердің авторлығымен жарыққа шыққан «Мәдениет коммуникация іспетті» («Culture as communication») атты кітапта алғаш рет мединет аралық коммуникация деген термин қолданысқа ұсынылады.

Э.Холл түрлі мәдени топтардың айырмашылықтарын зерттей келе, олардың мәдени-коммуникациялық сипаттамаларын анықтайды. Оның тұжырымы бойынша, коммуникация жүйесіне тілден басқа жария етілмейтін, сөзбен сипатталмайтын жасырын ережелер де кіреді. Мәдени аралық коммуникацияларды орнатуда түсініспеушіліктің себебі – бірнеше мағынаны білдіретін контекстерді білмеуде.

«Контексті дұрыс оқу» процессінің маңыздылығын ол мына бір мысалмен келтіреді:

«50-шы жылдары АҚШ орыс және өзгеде шет тілдерін аударатын автоматты аударма машинасын жасап шығарады. Талантты лингвистерді тартып, бұл жобаға қыруар қаражат салынғанымен нәтиже болмады. Өйткені, хабарламаны тез әрі нақты жеткізе алушы ол адамға ғана тән және ол аударылатын тілді ғана емес, сол контекстің мағынасын жетік түсінетін болуы тиіс» [1].

Э.Холл коммуникация процессіне әсер ететін бірқатар факторларды атайды: сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, қимылдар, байланыс қатысушылары арасындағы физикалық қашықтық, ауа-райы, уақыт, қоғамдық нормалар, географиялық орын т.б.

Осы орайда, Э.Холл барлық мәдениеттерді жоғарыконтексті және төменконтексті деп екіге бөледі [1].

Жоғарыконтексті мәдени топ өкілдері әдетте өзара байланыстары бұған дейінгі жинақтаған тәжірибелері мен дәстүрлері арқасында «артық ауыз сөзді» талап етпейді. Араласу кезінде адам әңгіменің мәнін тілдік кодтар арқылы түсінеді. Жоғарыконтексті мәдениетке кіретін мемлекеттер: Жапония, Португалия, Венгрия, Испания, Корея, Қытай, Филиппины, Латын Америкасы, Бразилия т.б. Олардың ерекшеліктері:

- жасырын, ашық емес әңгімелесу тәсілі;
- не айтылған емес, қалай айтылған маңызды;
- сөз барысында ұзақ көпмағыналы кідіріс, яғни үндемей қалу;
- ауызша (вербальді емес) белгілер;
- көзбе-көз байланысқа көп мән беріледі;
- тым көп ақапараттың қажетсіз болуы, бәрі онсыз да түсінікті;
- қарсыласу, проблемаларды орнында шешу, бетке айтудан қашқақтау.

Ал төменконтексті мәдени орта өкілдері ақпаратты жеткізуде дыбыстық кодтарды кеңінен пайдаланады. Оларда контекстен гөрі сөзге ерекше мән беріледі. Бұл топтағы адамдар қарым-қатынастан индивидуалистікті жоғары қояды және жазба түріндегі келісімдер маңызды. Төменконтексті мемлекеттер: Швейцария, Финляндия, Нидерланды, Скандинавия, Германия, Израиль, Канада, Англия, Австралия, АҚШ.

Олардың ерекшеліктері:

- Қарапайым тілмен түсіндіру;

- Тура әрі мәнерлі сөйлеу;
- Ақпарат ауқымы рәсімделген;
- Талқыланған мәселелердің барлығы нақты әрі ашық бағаланады;
- Ой толық әрі нақты жеткізіледі;
- Ойды толық жеткізе алмау әңгімелесушінің біліктілігінің төмендігін немесе ақпаратты толық меңгермегендігін білдіреді;
- Наразылықты ашық жеткізу.

Осылайша, жеке тұлға және топтар арасында, яғни субъект арасындағы айырмашылық кросс-мәдени байланыстардың біртүпті болмайтындығын дәлелдиді. Бұл орайда, XX ғасырда кросс-мәдени коммуникацияның қарқынды дамуы салдарынан «Басқа» категориясын интерсубъективтілік арқылы қарастырады. М.М.Бахтин адам өз болмысында өзін өзі қамтамасыз ете алмайды. Ол үшін «Басқаның» онымен байланысуы қажет. «Мен» және «Басқа» әрқайсысы да өзіндік мәдени болмысқа ие. Алайда, ол болмысын тек байланыс орнату арқылы ғана жария ете алады және Бахтиннің тұжырымы бойынша әрбір адам өзіндік өмірлік көзқарасын сақтай отырып, Басқаға кірігеді [9].

Кросс-мәдени коммуникация барысында түрлі субъект өкілдері қиылысқан жағдайда әр тарап өзіндік ерекшеліктерін сақтай объективті кірігу процессіне қатысады.

Ал өзіндік ерекшеліктері дегеніміз – ол сол мәдениетке тиесілі кодтар, яғни ұлттық кодтар.

Қазақстанда ұлттық кодты зерттеу соңғы жылдары қарқын ала бастады. Оның бірден бір себебі, жаһандану процессінде Қазақстан өзіндік болмысы, яғни идентификациялық коды арқылы әлемдік аренаға шыға алатындығын түсінді. Сонымен қатар, халықаралық шараларды Қазақстанда өткізу барысында, инвесторларды, туристерді тарту барысында ұлттық бренд қалыптастыру аса маңызды екендігі айғақталды. Ұлттық брендингті зерттеуші Саймон Анхолт мемлекетті тауар есебінде қарастыруға кеңес береді. «Ұлттық брендингте мәдениеттің алатын орны зор. Өйткені, егер сол елдің адамдары өз-өздерін сыйласа, ол елді өзге елдің адамдары да сыйлайды», - деді [4].

Жалпы ұлттық код дегеніміз – ол жоғарыда айтып өткендей, көнеден қордаланып, әдет-ғұрыптар элементтерін қамтыған, сөзбен айтып жеткізуге қиын, бірақ сол топ өкілдеріне қарапайым құбылыс ретінде қабылданатын стереотиптер жиынтығы.

Бүгінде ұлттық код элементтерін жіті зерттеп, қоғамның түрлі саласында пайдалану маңыздылығының бірден бір себебі – жаһандану процессі кезіндегі ұлттық болмысымызды жоғалтып алмауымызда.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Аристотель. Риторика / Аристотель. – М. : Лабиринт, 2000. – 221 с – 14 бет).
- 2 Гапонова Н.А. Понятие коммуникации в философии – 5-ші б. <http://shgpi.edu.ru/files/nauka/vestnik/2014/2014-3-3.pdf>
- 3 Грушевская Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.Л. Основы межкультурной основы. – М. Юнити, 2003.
- 4 Кобякина О.Е. Брендинг территорий: национальная кухня как один из атрибутов бренда страны (на примере Дании, Швеции, Латвии и России) <http://www.mediascope.ru/1614>
- 5 Маршалл М. («Галактика Гутенберга. Становление человека печатающего»).
- 6 Нерсеянц, В. С. Сократ / В.С. Нерсеянц. – М. : Наука, 1977. – 152 с. 126-127 бет. (<http://shgpi.edu.ru/files/nauka/vestnik/2014/2014-3-3.pdf> 4 бет)
- 7 Шлейермахер, Ф. Герменевтика / Ф. Шлейермахер ; пер. с нем. А.Л. Вольского ; науч. ред. Н.О. Гучинская. – СПб.: Европейский Дом, 2004. – 242 с.).
- 8 Хабермас Ю. Теория коммуникативного действия

<http://library.lgaki.info:404/2017/%D0%93%D1%80%D1%83%D1%88%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D1%86%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%A2.%20%D0%93.pdf>

9 Рябова М.Э. Я и Другой в философии М.М.Бахтина и современной реальности <https://cyberleninka.ru/article/n/ya-i-drugoy-v-filosofii-m-m-bahtina-i-sovremennoy-realnosti/viewer>
10Hall E.T. Beyond Culture. — Anchor Books, 1989 — [ISBN 978-0385124744](https://www.isbn-international.org/view/title/978-0385124744)

УДК 02.15.51

ИММАНИУЛ КАНТ И ПРОБЛЕМА РАСИЗМА

Қасымбек Алмат

kassymbek.067@mail.ru

магистрант 1 курса ОП «Философия этика»,
ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Сандыбаева У.М.

Дискуссии, возникшие в контексте движения Black Lives Matter, положили начало и широкому обсуждению вопроса о необходимости переосмысления наследия известных западных философов. Это коснулось и работ И. Канта, в частности того, как философ подходил к описанию рас и народов. Резонанс прессы и академических специалистов вызвал тезис историка М. Цойске о том, что среди философов одним из основателей европейского расизма является И. Кант [1].

Во-первых, обозначим работы, где есть характеристика рас у философа: «Наблюдения над чувством прекрасного и возвышенного» (1764), «О различных человеческих расах» (1775), «Определение понятия человеческой расы» (1785), «О применении телеологических принципов в философии» (1788), «Антропологии с прагматической точки зрения» (1798). Мы не будем излагать идеи Канта, а акцентируем внимание на амбивалентности взглядов философа, опираясь на его ключевые философские идеи.

Концепция «расизма» у И. Канта является сложной и противоречивой, и включает как утверждение универсализма и равенства всех людей, так и элементы европоцентризма и идеи о более высокой культуре Запада. Как отмечают некоторые исследователи, необходимо иметь в виду, что термин расизм и социальное явление в таком виде, как мы их знаем сегодня, возникли после его жизни.

На основе ключевых работ Канта можно заключить, что все люди, независимо от их расовой принадлежности, обладают равным достоинством. В «Основах метафизики нравственности» и «Критики чистого разума» Кант разработал концепцию категорического императива. Категорический императив представляет собой формулу, которая описывает универсальный этический принцип действия, который должен применяться всеми людьми в любой ситуации. Категорический императив формулируется так: «Действуй только по тому максимуму, который ты можешь в то же время желать, чтобы он стал всеобщим законом» [2]. Иными словами, человек должен руководствоваться принципом универсальности, то есть поступать так, как он хотел бы, чтобы поступали все люди в подобной ситуации. Являясь основой морального поведения, он не зависит от частных желаний и интересов, а определяется только общечеловеческими ценностями и принципами.

Однако, следует отметить, что в своих работах И. Кант использовал термин «низшие расы» и делал различие между «европейскими» и «не европейскими» народами, что вызывало критику и дискуссию особенно в современном контексте. Действительно, в некоторых его работах можно найти высказывания, которые могут трактоваться как выражение расистских